

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 1216 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

12 - тармақта:

3), 40) тармақшалар алынып тасталсын;

88) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«88) Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалының жай-күйін және даму үрдісін талдауды жүзеге асырады;»;

мынадай мазмұндағы 88-1) тармақшамен толықтырылсын:

«нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өңірлік комиссиялардың қызметін үйлестіреді;»;

89) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«89) мемлекеттік органдармен бірлесіп, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымын және олардың заңсыз айналымына әрі теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысады;»;

154) тармақша алынып тасталсын;

19-1-тармақтың 13) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*